

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы

  
С. Ергалиев  
2022 жылдың «02» 



«БЕКІТІЛДІ»

«Қазақстанның хоккей федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бас директоры

  
Г. Каратаев  
2022 жылдың «02» 



2022-2023 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДАҒЫ U 10, U 9, U 8 ЖАС САНАТЫНДАҒЫ  
БАЛАЛАР КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР РЕГЛАМЕНТІ

Нұр-Сұлтан қаласы  
2022 жыл

## МАЗМҰНЫ

	<b>Кіріспе ережелер</b>	3
1-тарау	Мақсаттар мен міндеттер	3
2-тарау	Басшылық	3-4
3-тарау	Қатысушылар құрамы	4
4-тарау	Команда өтінімі	4-5
5-тарау	Өткізу құрылымы, мерзімі мен шарттары	5-7
6-тарау	Жеңімпаздарды анықтау	7
7-тарау	Терешілік	7
8-тарау	Ережебұзушылық үшін жауапкершілік	8
9-тарау	Қатысушы командалардың міндеттері	8-9
10-тарау	Өткізуші ұйымдардың міндеттері	9-10
11-тарау	Қаржылық шығыстар	10
№1 қосымша	Спорт ғимаратының турнир өткізуге дайындық актісі	11

## **КІРІСПЕ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. «Қазақстанның хоккей федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі – Халықаралық мұздағы хоккей федерациясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитеті мойындаған, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының аумағында хоккейді толық көлемде басқаруды, ресми республикалық және халықаралық жарыстарды өткізуді жүзеге асыратын жалғыз ұйым ретінде аккредиттеген ұйым.

2. Осы Регламент Халықаралық мұздағы хоккей федерациясының (бұдан әрі – ИИХФ) нормалары мен талаптарына сай және Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасына сәйкес Қазақстанның хоккей федерациясы (бұдан әрі – ҚХФ), Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті өткізетін 2022-2023 жылдардағы U8, U9, U10 жас санатындағы балалар командалары арасындағы шайбалы хоккейден республикалық турнирі (бұдан әрі – Турнир) өткізілуінің және оған хоккей мектептері/клубтары/бөлімшелері командаларының, хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, басшылардың және өзге де лауазымды тұлғалардың, төрешілердің қатысуының бірыңғай тәртібін белгілейді.

3. Осы регламентке өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетімен келісу бойынша ҚХФ тарапынан маусым ішінде енгізілуі мүмкін.

### **1-ТАРАУ**

#### **МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР**

##### **1-бап. Турнир:**

- балаларды хоккеймен, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануға жаппай тарту;
- Қазақстан Республикасында балалар хоккейін насихаттау және одан әрі дамыту мақсатында өткізіледі.

##### **2-бап. Турнир:**

- балалар құрама командаларын құру үшін болашағы зор жас хоккейшілерді анықтау;
- жаттықтырушылар кадрларын даярлау деңгейін арттыру;
- Қазақстан Республикасының хоккей мектептері мен бөлімшелерінде өткізілетін оқу-жаттығу және тәрбие жұмысының сапасын арттыру мәселелерін шешеді.

### **2-ТАРАУ**

#### **БАСШЫЛЫҚ**

**1-бап.** Турнирді ұйымдастыру мен өткізуге жалпы басшылықты, сондай-ақ оның өткізілуін бақылауды ҚХФ, облыстық/қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті жүзеге асырады.



**2-бап.** Турнирді тікелей өткізу және бақылау облыстық/қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармаларына, хоккей мектептеріне/клубтарына, ҚХФ бекіткен облыстық/қалалық аккредиттелген филиалдарына және төрешілер алқасына жүктеледі.

**3-бап.** Осы Регламенттің шарттары мен ережелері негізінде шешілуі мүмкін емес турнирді ұйымдастырумен және өткізумен байланысты жағдайлар туындаған кезде, ҚХФ олар бойынша түпкілікті шешім қабылдауға, өрі қарай Турнир қатысушыларын хабардар етуге құқылы. Мұндай шешімдер Турнирге қатысатын барлық командалар, хоккейшілер, жаттықтырушылар, басшылар және хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің басқа да лауазымды тұлғалары, төрешілер үшін міндетті болып табылады.

**4-бап.** Командалардың, хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, басшылардың және хоккей мектептерінің/клубтарының өзге де лауазымды адамдарының, турнирге және өзге де іс-шараларға тартылған бас төрешілердің ҚХФ-мен жедел өзара іс-қимылы келесі құралдармен жүзеге асырылады:

- телефон арқылы: +7-7172-605041;
- электрондық пошта арқылы: office@icehockey.kz;
- келесі мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Д. Қонаев к., 12/1, 508-кеңсежай, «Қазақстанның хоккей федерациясы» РҚБ.

### **3-ТАРАУ**

#### **ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫ**

**1-бап.** Турнирге қатысуға хоккей мектептерінің, спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлауды жүзеге асыратын кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы дене шынықтыру-спорт ұйымдарының оқушылары жіберіледі.

**2-бап.** Турнир келесі жас санаттары арасында жүргізіледі:

1. U 10 жас (2012 ж.т.)
2. U 9 жас (2013 ж.т.)
3. U 8 жас (2014 ж.т.)

**3-бап.** Турнирдің барлық жас санаттарындағы командалар санын турнирге қатысу үшін берілген өтінімдер санына байланысты ҚХФ анықтайтын болады.

**4-бап.** Командаларды турнирге қатысуға жіберу үшін шетелдік хоккей командасы ҚХФ-ға өзінің ұлттық федерациясының жазбаша рұқсатын жолдайды.

**5-бап.** Ойыншыларға бір турнир шеңберінде әртүрлі командалар үшін ойындарға қатысуға тыйым салынады.

#### **4-ТАРАУ**

##### **КОМАНДАЛАР ӨТІНІМІ**

**1-бап.** Команданың өтінімі ҚХФ-ға турнир басталғанға дейін кемінде 5 күнтізбелік күн бұрын беріледі.

**2-бап.** Турнирге келген соң әр команданың өкілдері тарапынан мандаттық комиссияның отырысына турнир қатысушыларына келесі құжаттар ұсынылады:

1. Алфавиттік тәртіппен хоккейшілердің атаулы тізімі түріндегі Команданың өтінім парақтары, сондай-ақ Команданың Жаттықтырушылары мен өкімшілік персоналы туралы мәліметтер.

Команданың өтінім парақтары:

- әрбір хоккейші үшін жеке медициналық мекеме (медициналық қызметті жүргізуге мемлекеттік лицензиясы бар) дәрігерінің қолы мен мөрімен;

- медициналық мекемемен (медициналық қызметті жүргізуге мемлекеттік лицензиясы бар);

- Хоккей мектебі\клубы басшысымен расталуы тиіс.

2. Хоккейшілердің төлқұжаттарының түпнұсқалары;

3. Хоккейшінің өмірі мен денсаулығын жазатайым жайттардан сақтандыру туралы шарт;

4. Осы Регламенттің 4-тарауының 3-бабында көрсетілгеннен 1 (бір) жылға кіші ойнайтын хоккейшілердің құжаттары;

5. Өз жасында, сонымен қатар осы Регламенттің 4-тарауының 3-бабында көрсетілгеннен 1-2 (бір-екі) жасқа жоғарырақ өнер көрсететін хоккейшілердің (қыздардың) құжаттары;

**3-бап.** Команда құрамына ҚХФ шешімі бойынша 1 (бір) жасқа кіші хоккейшілер келесі құжаттар негізінде кіре алады:

- хоккей мектебі/клубы басшысының бұрыштамасы қойылған команда бапкерінің жазбаша өтініші;

- ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің нотариус растаған келісімдері;

- жасы жоғарылар Турниріне рұқсат беретін медициналық мекеме дәрігерінің қорытындысы.

**4-бап.** Команда құрамына ҚХФ шешімі бойынша өз жасындағы, сондай-ақ бір жасқа үлкен қыздар немесе толықтай қыздармен жасақталған командалар келесі құжаттарды ұсынған жағдайда кіруі мүмкін:

- хоккей мектебі/клубы басшысының бұрыштамасы қойылған команда бапкерінің жазбаша өтініші.

**5-бап.** Өтініш құжаттамасын қолдан жасау фактілері расталған жағдайда, ҚХФ барлық материалдарды Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына жіберуге құқылы.

#### **5-ТАРАУ**

##### **ӨТКІЗУ ҚҰРЫЛЫМЫ, МЕРЗІМІ МЕН ШАРТТАРЫ**

**1-бап.** Турнир айналымдық жүйемен жүргізіледі. Турлардың санын, оларды өткізу мерзімдері мен орындарын, сондай-ақ әрбір жас санатындағы кіші топтар бойынша командалардың құрамын командалар санына және оларды жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өткізу үшін айқындаушы шарттарға байланысты ҚХФ анықтайтын болады.



**2-бап.** Турнирдің барлық матчтарының өткізілу мерзімі ҚХФ бекітетін Ойындар күнтізбесіне сәйкес анықталады.

Турнир өткізу мерзімі мен орны ҚХФ және хоккей мектептері/клубтары/бөлімшелері тарапынан келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасының қалаларында өткізіледі және қатысушыларға қосымша хабарланады.

**3-бап.** Барлық хоккейшілер, жаттықтырушылар, хоккей командалары мен мектептердің/клубтардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдары, төрешілер және Турнир матчтарына қатысатын өзге де тұлғалар осы Регламенттің нормаларын білуге және орындауға міндетті.

**4-бап.** Турнир ойындары қарсыластың денесіне тікелей күштік тәсілдерді қолданусыз өтеді.


**5-бап.** Матчтың өткізілу форматы.

1. Әр матчқа қатысатын команда құрамы:

- 15 ойыншыдан (13 алаң ойыншысы және 2 қақпашы) аспайды, 2 бапкер, дәрігер;

- кемінде 9 ойыншы (8 алаң ойыншысы және 1 қақпашы), 1 бапкер, дәрігер.

2. Матч өлшемі 20 x 30 метрлік түпкі аймақтарда өткізіледі.



**Борттар:** Әрбір аренаға жеңіл борт-алаңды бөлгіштер орнатылады.

**Қақпалар:** жеңіл қақпалар орнатылады (биіктігі – 90 см, ені – 130 см, тереңдігі – 70 см).

3. Матч 25 минуттық жалпы уақыттың екі кезеңінен және 5 минуттық үзілістен тұрады. Ережелерді бұзған сайын (хоккей ережелеріне сәйкес) айып соққысы (буллит) орындалады. Бір ойыншы бір ойын барысында ережелерді үнемі бұзған жағдайда, төреші оны матчтың соңына дейін аластатуға құқылы.

Ойын алдындағы жаттығу 5 минутқа созылады. Мұз алаңында әр команда үшін 5 хоккейші қатысады (4 алаң ойыншысы және 1 қақпашы). Бір уақытта екі матч өткізіледі, бір матч алаңның бір аймағында, екіншісі басқасында өтеді. Қосалқы хоккейшілер мен жаттықтырушылар өздерінің ойын аймағының көк сызығына орнатылған бөлу бортынан кемінде 1,5 м қашықтықта орта аймақта орналасады.

4. Матч хатшысы мұздағы ойыншыларды ауыстыру үшін әр 75 секунд сайын ысқырық береді, уақыт тоқтамайды. Ал шайба символдық орталыққа лақтырылады. Лақтыру кезеңнің басында, шайба ұшқаннан кейін қақпаны алғаннан кейін және ысқырықпен мұздағы ойыншыларды ауыстырғаннан кейін жасалады. Егер матчта ережелерді бұзу тіркелген болса, онда 5-тараудың 5-бабының 2-тармағына сәйкес айып соққысын лақтыруды оған қарсы бұзушылық жасалған ойыншы

орындайды. Егер матчта командалық ережені бұзу, тәртіп бұзушылық немесе қақпашыға қарсы ережені бұзу тіркелген болса, онда айып соққысын сол кезде мұз алаңында болған кез келген ойыншы орындайды.

**6-бап.** Мұз дайындауды матч басталар алдында барлық жас санаттарында жүргізу қажет.

## **6-ТАРАУ**

### **ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ**

**1-бап.** Турнир ойындары ойыншының жеке статистикасын ескерместен және нәтижелерді анықтаусыз өткізіледі.

## **7-ТАРАУ**

### **ТӨРЕШІЛІК**

**1-бап.** Турнир ИИХФ-ның Халықаралық мұздағы хоккей федерациясы қабылдаған, барлық толықтырулары мен өзгерістері ескерілген қолданыстағы қағидалар бойынша өткізіледі.

**2-бап.** Турнир матчтарын ұйымдастыру және төрешілік ету Турнирдің бас төрешісі мен алаңдағы 2 төреші (қатарынан 2 матчқа) мен 3 адамнан тұратын төрешілер бригадасы тарапынан жүзеге асырылады:

- төреші-хатшы                      - 1 адам;
- уақыт төрешісі                    - 1 адам;
- дәрігер                                - 1 адам.

**3-бап.** Турнир алаңындағы бас төрешіні, төрешілерді тағайындауды ҚХФ жүзеге асырады. Турнир алаңынан тыс төрешілер бригадасын тағайындау өткізуші ұйым тарапынан ҚХФ-мен келісе отырып жүзеге асырылады.

**4-бап.** Төрешілікті ҚХФ аттестаттаған және бекіткен, ИИХФ-ның Хоккей ойнау қағидаларының барлық талаптарын сақтайтын, ҚХФ шешімдері мен осы Регламенттің талаптарын орындайтын төрешілер жүзеге асырады.

**5-бап.** Турнирдің бас төрешісі:

- Турнир басталар алдында қатысушы командалардың төрешілері мен жаттықтырушыларының қатысуымен жиналыс өткізуге;
- Турнир басталар алдында ҚХФ және хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің басшыларына ойындардың күнтізбесін электрондық түрде (бекітілген сызбаға сәйкес) ұсынуға;
- жаттықтырушылардың немесе команда өкілдерінің өтініші бойынша команда ойыншыларына өтінім деректерін, сондай-ақ осы Регламенттің 4-тарауында көрсетілген өзге де құжаттарды қосымша тексеруге;
- ойын хаттамасын толтырудың дұрыстығы мен нақтылығын тексеруге;
- Турнир матчтарын өткізу орындарының дайындығын бақылауды жүзеге асыруға (жарықтандыру, радиофикация, мұз дайындау, медициналық қызмет көрсету және т. б.) міндетті.



## **8-ТАРАУ**

### **ЕРЕЖЕБҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК**

**1-бап.** Қоғамдық тәртіпті өрескел бұзғаны және спорт ғимаратындағы тәртіпсіз мінез-құлқы үшін ҚХФ шешімімен бір ойынға шеттетілуі мүмкін және ойындарға одан әрі қатысуды ҚХФ қарайтын болады.

**2-бап.** Ата-аналар матчтың өту барысына араласқан, жөнсіз мінез көрсеткен жағдайда, ресми матч хаттамасы мен бас төрешінің баянатында көрсетілгендей, ҚХФ ата-анасы аталмыш әрекетке барған команданы Турнирден алып тастауға құқылы.

**3-бап.** Жаттықтырушының, команданың ресми өкілінің матч кезінде және мұз алаңынан тыс жерде төрешілермен, қарсылас командамен қақтығысқа қатысуы матчтың ресми хаттамасында және бас төрешінің баянатында көрсетілуі тиіс, ҚХФ 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде айыппұл салады.

**4-бап.** Ойын барысында, ойын аяқталғаннан кейін, сондай-ақ матчтан кейінгі қол алысу кезінде жаппай төбелес болған жағдайда, ҚХФ тарапынан қақтығыстың бастамашысы (қозғаушысы) анықталып, 5 (бес) матчқа қатысудан шеттетіледі. Бас бапкерге 30 (отыз) АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

**5-бап.** Егер команда ойын алаңынан ойын аяқталмай тұрып кетіп қалса, хоккей мектебіне/клубына/бөлімшесіне 100 (жүз) АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

**6-бап.** Хоккейшілерді куәландыру рәсімі матч соңында матчқа қатысатын команданың бірінің жаттықтырушысының бастамасы бойынша өткізіледі. Рәсімге ойнайтын командалардың жаттықтырушылары (ресми өкілдері), бас төреші және матч хаттамасының төрешісі қатысады, онда жоғарыда көрсетілген хоккейшінің жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) және оның командасының өтініміне сәйкес жеке басын салыстырып тексеру жүргізіледі.

**7-бап.** Өтінім құжаттамасын қолдан жасау фактілері расталған жағдайда, анықталған хоккейші және команданың бас жаттықтырушысы Турнирге қатысудан шеттетіледі.

## **9-ТАРАУ**

### **ҚАТЫСУШЫ КОМАНДАЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

**1-бап.** Турнирге қатысушы команда:

- Турнир басталардан кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын ҚХФ-ға Турнирге қатысатынын растауға;

- команда Турнир матчына келгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Турнир матчтарын өткізетін хоккей мектебінің/клубының/бөлімшесінің басшылығын команданың келу күні мен уақыты, көлік түрі, ойыншылар мен персоналдың саны, тұрғылықты жері туралы жазбаша хабардар етуге;

- өз командаларының Турнирдің барлық матчтарына келуін, олардың матч басталардан 60 минут бұрын қатысуын және команданың хоккей алаңына уақытылы шығуын қамтамасыз етуге;

- команда ойыншыларын қорғаныс формасымен қамтамасыз етуге, шлемдерінде стандартты масканың болуын, сонымен қатар ИИХФ-ның Хоккей ойнау қағидаларына сәйкес мойын мен тамақтың қорғалуын қамтамасыз етуге;



Аталған қорғаныс болмаған жағдайда ойыншы/ойыншылар ойынға қатыстырылмайды.

- ИИХФ-ның Хоккей ойнау қағидаларына сәйкес команда ойыншыларының шлемдеріне бекітілген құлақ қорғанысымен қамтамасыз етуге міндетті.

Аталған қорғаныс болмаған жағдайда ойыншы/ойыншылар ойынға қатыстырылмайды.

**2-бап.** Командаларда ойыншылардың нөмірі мен тегі латын әліпбиінде жазылған хоккей жейделерінің екі жиынтығы болуы тиіс. Ойыншы жейдесінің арқасында ойыншының тегінен жоғары «STOP» (өріптер: биіктігі 4см, ақ түсті) деген жазуы бар қызыл түсті жапсырма (өлшемі: 5см x 15см) болуы тиіс.

**3-бап.** Хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің және спорт ғимараттарының басшылығы:

- ата-аналардың матчтың барлық уақытында хоккейшілермен, төрешілермен, матчтардың ресми адамдарымен байланысын болдырмайтын шаралар қабылдауға;

- жарыс аяқталғанға дейін, кезінде және одан кейін ата-аналардың, хоккей мектебінің/клубының/бөлімшесінің лауазымды тұлғалары мен мамандарының (басшылардың, хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, қызмет көрсетуші персоналдың) матчты өткізетін төрешілер бригадасының іс-қимылына араласуына жол бермеуге;

- төрешілерге қатысты қорлауға, физикалық күш қолдануға және өзге де құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеуге;

- матчтың бас төрешісінің рұқсатынсыз бөгде адамдардың төрешілер бөлмесіне кіруіне жол бермеуге;

- хоккей мектебінің/клубының/бөлімшесінің ата-аналары, лауазымды адамдары мен мамандары (басшылар, хоккейшілер, жаттықтырушылар, қызмет көрсетуші персонал) тарапынан хоккей алаңындағы жанжалды жағдайларды, жанкүйерлердің агрессиялық мінез-құлқын, спорт ғимаратындағы тәртіпсіздіктерді туындататын іс-әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

**4-бап.** Жаттықтырушыларға көмек көрсету мақсатында ойындарға шығатын хоккейшілердің ата-аналары, ата-аналар комитеттерінің өкілдері ойын кезінде қосалқы орындықта, мұз алаңында, сондай-ақ тікелей бортта (ашық және жабық) болуға құқығы жоқ.

## 10-ТАРАУ

### ӨТКІЗУШІ ҰЙЫМДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

**1-бап.** Турнир матчтарын қабылдайтын хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі матчтарды өткізу орындарын дайындау үшін жауап береді және:

- Регламенттің барлық шарттарын орындауға;

- ойын басталғанға дейін 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын ҚХФ-ға және Турнирдің барлық қатысушыларына Турнир матчтарының күнтізбесін ұсынуға;

- сапалы мұз айдынын, мұз жинайтын комбайндардың үздіксіз жұмысын қоса алғанда, осы Регламенттің талаптарына сәйкес спорт ғимаратының тиісті дайындығы мен жұмысын қамтамасыз етуге;

- әр команданың хоккейшілеріне арналған желдету жүйесімен, жеткілікті мөлшерде жайлы жиһаздармен (орындықтармен, үстелдермен, ілгіштермен, айналармен және т. б.), дәретхана бөлмесімен және турнирдің барлық уақытында, соның ішінде командалардың келу және кету күнін қоса алғанда, суық және ыстық сумен жабдықталған шешінетін бөлмелермен қамтамасыз етуге;

- төрешілерге желдету жүйесімен, жайлы жиһаздардың (орындықтар, үстелдер,



ілгіштер, айналар және т. б.) жеткілікті санымен, дәретхана бөлмесімен және суық және ыстық суы бар душпен, ауызсумен және шай жиынтығымен (шай, кофе, қант, снектер) жабдықталған бөлме ұсынуға;

- Турнирді өткізу басталғанға дейін 1-қосымшаға сәйкес ресімделген Турнир матчтарын өткізуге арналған спорт ғимаратының дайындығы туралы актіде жазылған талаптарды тиісінше орындауға;

- Турнир матчтарының «ҚХФ медициналық регламентінде» жазылған талаптарға сәйкес медициналық сүйемелденуін, атап айтқанда матчтар өтетін кезде спорт ғимаратында бас дәрігердің, «Жедел жәрдем» дәрігерлері бригадасының және кардиостимуляцияға арналған жабдығы (дефибриллятор) жұмыс жасайтын (жұмысқа жарамды) көлігінің болуын қамтамасыз етуге;

- Турнир матчтарының қауіпсіздігін «ҚХФ жарыстарын өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық регламентінде» баяндалған талаптарға сәйкес қамтамасыз етуге;

- Турнир басталар алдында қатысушы командалардың төрешілері мен жаттықтырушыларының қатысуымен жиналыс өткізуге;

- ойын аяқталғаннан кейін бір тәуліктен кешіктірмей ҚХФ-ға турнирдің сапалы фото және бейне материалдарын ұсынуға;

- Турнир матчтарын өз интернет-ресурстарында және/немесе әлеуметтік желілерде фото және видео контентті орналастырумен жариялауды қамтамасыз етуге міндетті.

## **11-ТАРАУ**

### **ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР**

**1-бап.** Командаларды іссапарға жіберуге байланысты барлық шығыстарды (турнир өткізу кезеңінде матчтарды өткізу орнына дейін және екі жаққа жол жүру, жолдағы тәуліктік, тамақтану, тұру) іссапарға жіберуші ұйымдар көтереді.

**2-бап.** Турнирді қабылдайтын хоккей мектебі / клубы / бөлімшесі келесі:

- спорт ғимаратын қамтамасыз ету (жалға алуды қоса алғанда), командаларға Мұз бен киім ауыстыратын бөлмелерді ұсыну бойынша шығындарды;

- Турнир матчтарының «ҚХФ медициналық регламентінде» жазылған талаптарға сәйкес медициналық сүйемелденуін, атап айтқанда матчтар өтетін кезде спорт ғимаратында Бас дәрігердің, «Жедел жәрдем» дәрігерлері бригадасының және кардиостимуляцияға арналған жабдығы (дефибриллятор) жұмыс жасайтын (жұмысқа жарамды) көлігінің болуын қамтамасыз ету бойынша шығындарды;

- Турнир матчтарының қауіпсіздігін «ҚХФ жарыстарын өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық регламентінде» баяндалған талаптарға сәйкес қамтамасыз ету бойынша шығындарды;

- төрешілерге ауызсу мен шай жиынтығын (шай, кофе, қант, снектер) беру бойынша шығындарды өтейді;

**3-бап.** Төрешілердің далада және мұз алаңының сыртында жұмыс істеуіне ақы төлеу бойынша шығыстар ҚХФ есебінен жүзеге асырылады.

**4-бап.** Турнирге қатысушылар үшін жүлделер, сыйлықтар және өзге де кәдесыйлар сатып алу бойынша шығыстар ҚХФ есебінен жүзеге асырылады.



**№1 ҚОСЫМША**  
**СПОРТ ҒИМАРАТЫНЫҢ ТУРНИР ӨТКІЗУГЕ**  
**ДАЙЫНДЫҚ АКТІСІ**

<b>ЖАРЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУШЫ ҰЙЫМ:</b>	<b>КҮНІ:</b>
<b>СПОРТ ҒИМАРАТЫ:</b>	

Осы Актімен Чемпионат/Турнир регламентінің талаптарына сәйкес көрсетілген хоккей жарысын өткізуге спорт ғимаратының дайындығын растаймыз.

Қолда бар материалдық-техникалық база, жабдық, инвентарь хоккей матчтарын өткізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Жоғарыда көрсетілген матчтарды өткізу мынадай қызметтермен келісілді: жол полициясы, медициналық қызмет, Өрт күзеті, құқық қорғау органдары.

Матчтарға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау үшін құқық қорғау органдары мен қауіпсіздік қызметінің қажетті күштері тартылды.

Спорт ғимаратының дирекциясы қызметкерлермен және матчтарды өткізуді қамтамасыз ететін тартылған ұйымдармен лауазымдық міндеттері және қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша алдын ала нұсқама өткізді.

**Спорт ғимаратының өкімшілігі мен жауапты тұлғалары аренаға кіреберістерді, фойені, ложелерді, аренаны, қоғамдық тамақтану орындарын, шатыр жайларын тексеруді жүзеге асырды. Қарап-тексеру барысында анықталғаны:**

- Спорт ғимараттары сыртқы және ішкі өртке қарсы сумен қамтамасыз етілген.
- Өрт сөндіру құралдары жарамды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес келеді.
- Полиция қызметкерлері бригадасының спорт ғимараты аумағында кезекшілігі ұйымдастырылған.
- Эвакуациялау жолының жиектері тиісті жағдайда, матчтарды өткізу кезінде қауіпсіздік қызметі бақылайды және эвакуациялау жоспарына сәйкес төтенше жағдай туындаған кезде адамдарды қауіпсіз, жылдам эвакуациялауды қамтамасыз етеді.
- Стадионның пайдаланылмаған жайлары матчтарды өткізу кезінде жабық болады және күзетіледі.
- Нысанды ішкі және сыртқы қорғау қамтамасыз етілген. Қауіпсіздік қызметінің, құқық қорғау органдарының қызметкерлері спорт ғимаратын, бас кіреберісті, аренаны, фойені, ложелерді, қоғамдық тамақтану орындарын, шатыр жайларын, спорт ғимараты аумағын, сондай-ақ тұраққа қойылған машиналарды тексеру барысында қолдан жасалған жарылғышқа ұқсас заттарды, өрт қаупі бар және улы заттар таппады.
- Білікті дәрігерлер бригадасының және белгіленген стандарттар бойынша жабдықталған «Жедел жәрдем» автокөліктерінің кезекшілігі ұйымдастырылды.
- Қажетті қызмет көрсету персоналының болуы, іс-шараға қатысушылардың және төрешілер бригадасының дайындығы, көрермендер мен қатысушыларды қабылдауға дайындығы, қызметкерлер мен қоғамдық тамақтану орындарының көрермендерге қызмет көрсетуге дайындығы қамтамасыз етілген.
- Жабдықтау, көріз және желдету дайындығы, спорттық жабдықтар мен инвентарьдың жарыс ережелеріне сәйкестігі, энергетикалық жүйелер мен жарықтандыру дайындығы, байланыс, құлақтандыру, табло, радиохабар тарату құралдарының, төтенше жағдайлар кезіндегі мәтіндердің және микрофонда жұмыс істеуге рұқсат етілген адамдардың дайындығы қамтамасыз етілген.

ҚЫЗМЕТ	Т.А.Ө.	ҚОЛЫ
Спорт ғимаратының қауіпсіздік қызметі		
«Жедел медициналық жәрдем» дәрігерлер бригадасы		
Мемлекеттік өртке қарсы қызмет		

ХОККЕЙ КЛУБЫНЫҢ  
 (МЕКТЕБІНІҢ) БАСШЫСЫ:  
 М.О. \_\_\_\_\_ (Т.А.Ө.)

СПОРТ ҒИМАРАТЫНЫҢ  
 БАСШЫСЫ:  
 М.О. \_\_\_\_\_ (Т.А.Ө.)